



Microsoft

12 жылдан астам уақыт бойы біздің мамандар Microsoft компаниясы үшін өте күрделі, бірақ жұмыстан ләззат алатын жобаларды сәтті орындап келеді.

Janus қызметкерлерінің негізгі мақсаты – Microsoft бағдарламалық жасақтамасының локализациясы, соңғы өнімнің жоғары сапасын және жеткізулердің клиент анықтаған нақты мерзімде орындалуын қамтамасыз ету. Біздің Microsoft жобаларында жұмыс істеуіміздің негізгі ерекшелігі бағдарламалық жасақтаманың және бүкіл байланысты құжаттаманың бір уақытта 15 тілге локализациясы.

Біздің аудармашылар мен редакторлар жасаған жұмыс Microsoft компаниясының Microsoft Language Excellence деп аталатын тілдік сапа стандарттарына толық сәйкес келуі керек, ал жобаларда пайдаланылатын барлық терминдер Microsoft Terminology Research Engine System жүйесінде мақұлданған терминологияға сәйкестігіне тексеруден өтеді.

Janus компаниясының аймақтық өндірістік кеңселерінің болуы біздің клиенттер үшін ыңғайлы болып қана қоймай, көп уақыт үнемдей отырып, 15 тілге нақты, жоғары сапалы аудармаларды уақытылы жеткізуді қамтамасыз етеді.

Біздің Microsoft компаниясына жасайтын аудармаларымыз үш кезеңнен өтеді: аударма, редакция және түзету.

Аударма, редакция және түзету қызметтерінен бөлек Janus компаниясы Microsoft аудармаға арналған бағдарламалық жасақтамаға деген жаңа тәсілдемесін көрсететін стилистикалық рәсімдеу нұсқаулықтарын жасайды. Сонымен қатар жаңа және бұрыннан бар терминдермен жұмысын жалғастырып, аударма тобына тілдік қолдау көрсетуде, аудармалардың ішкі бағалауын және соңғы өнімнің лингвистикалық сынағын орындауда. Мұның барлығын жүзеге асыру үшін әр тілге Microsoft жобаларымен тиісті жұмыс тәжірибесі бар жетекші лингвист таңдаймыз.





Тапсырмалар

- Microsoft Language Excellence стандарттарына сәйкес келу
- Бар терминологияға қатаң сәйкестік
- Жоғары сапалы жұмыс, 15 тілде 15 нұсқа

Шешімдер

- Ақпараттық технология саласындағы жоғары білікті және тәжірибелі сарапшылар тобын құру
- Microsoft өнімдерімен жұмыс істеуді үйрету бағдарламасын дайындау
- Microsoft жобаларымен жұмыс істейтін арнайы бөлім құру
- Microsoft Terminology Research Engine System жүйесіне терминологиялық сәйкестікті қамтамасыз ету үшін сапаны бақылау жұмыс процедурасын жасау
- Аударма жобаларын басқару жүйесін пайдалану

Шешімдердің құрамы

- Сапа бойынша талаптарға толық сәйкестікті қамтамасыз ететін аудармашылардың, терминологтардың және редакторлардың арнайы тобы
- Біздің аудармаларды басқару жүйеміздің арқасында жеткен жоғары тиімділіктің есебінен клиенттің шығындарын қысқарту
- Терминологияның біркелкілігін және, соның нәтижесінде, сапалы өнімді әрі қолда бар ресурстардың барлығын пайдаланудың арқасында шығындардың оңтайландырылуын қамтамасыз ететін терминологиялық деректер базасын басқару

Janus компаниясы локализация және интернационалдандыру мамандар тобының, сондай-ақ ISO стандарты бойынша куәландырылған сапаны бақылау жүйесі мен сынау үдерісінің болуы арқасында локализация, дайындау, редакциялау және сынау бойынша қызметтердің толық шеңберін ұсынады.

